

"Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 17 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2020 жылғы 9 маусымдағы № 156 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 маусымда № 6342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 17 қаулысының (2017 жылғы 21 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4053 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушыға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастемиров